


**«Қошақан» ересек тобының тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Бекітемін  Аманшесева А.А

Тәрбиеші Спан.Г.Т

Білім беру ұйымы М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ «Жауказын» шағын орталығы

Төп «Қошақан» ересек тобы

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 22-26 мамыр 2023 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«Табиғат әлемі» картиналар топтамасынан суреттер қарастыру.  Табиғатқа қалай күтім жасау керек туралы әңгімелесу. <b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Сөйлеуді дамыту</b>	<b>Қимылды ойын: «Тез орында?»</b> Мақсаты: Балаларды жылдамдылыққа, шапшаңдыққа ептілікке дағдыландыру. <b>Дене шынықтыру</b>	«Не қалай дыбыстайды?» <b>саусақ ойыны :</b> <b>Мақсаты:</b> Кейіпкерлерді ит, мысық, тышқан, әтеш) көрсетіп, дыбысын салуға үйрету. Қуанышты көңіл-күй сыйлау. <b>Музыка</b>	«Ұяшыққа орналастыр» <b>дидактикалық ойын:</b> Мақсаты: Екі түрлі пішінді заттың әрқайсысын өз ұяшығына орналастыруға үйрету, ойлауын дамыту, қол қимылын жетілдіру.  <b>Математика негіздері</b>	<b>Дидактикалық ойын жаттығуы: «Дұрыс, бұрыс»</b> Мақсаты: Тәрбиеші . сөйлемдер айтады. Балалар дұрыс болса «дұрыс» деп, дұрыс емес болса «дұрыс емес» деп жауап береді. <b>Сөйлеуді дамыту</b>
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-анаға: «Балаңызға түстерді үйретесіз бе?»	Ата-анамен: «Балаңыздың қандай ерекше қасиеті барын білесіз бе?»	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды	«Құстар- біздің досымыз .Торғай» Мақсаты:Балаларға	«Қызғаншақ қонжықтар»	«Арнайы көліктер жүк және	«Құмырадағы гүл» Ма	«Арыстан мен тышқан»

<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)</b></p>	<p><b>«Құстар- біздің досымыз .Торғай»</b>          Мақсаты:Балаларға дала құстары туралы түсінік беріп, оның ішінде торғаймен жақын таныстыру.          Құстарға қамқорлықпен қарауға, көмек бере білуге үйрету.  <b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>          Өткенді қайталау.</p>	<p><b>«Қызғаншак қонжықтар»</b>          Мақсаты: Қонжықтар туралы білімдерін одан әрі жетілдіру, қонжықтардың бейнесін қағаз бетіне түсіре білуге үйрету  <b>Сурет салу</b>          Өткенді қайталау.</p>	<p><b>«Арнайы көліктер жүк және жолаушылар көліктері»</b>          Мақсаты: Көліктер туралы түсінік беру. Олардың жұмысына сипаттама беру.  <b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>          Өткенді қайталау.</p>	<p><b>«Құмырадағы гүл»</b>          Мақсаты: Балаларға ермексазды пайдаланып отырып құмырадағы гүлдімүсіндеп үйрету.  <b>Жапсыру</b>          Өткенді қайталау.</p>	<p><b>«Арыстан мен тышқан»</b>          Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерінің көңіл-күйін сурет арқылы белгілеуге үйрету.  <b>Көркем әдебиет</b>          Өткенді қайталау.</p>
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік).</p>				
<p><b>Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.</b> Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b>          Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>          Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Билер.</b> Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойыменән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту,</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Қимылды ойындар</b> Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда</p>

	<p>тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға,</p>	<p>дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> Таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.</p> <p><b>Математика</b> <b>Уақытты бағдарлау.</b>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық</p>	<p>музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p>Спорттық жаттығулар екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.</p> <p><b>Математика</b> <b>Уақытты бағдарлау.</b>Тәулік бөліктері</p>	<p>музыканыңкөңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.</p> <p><b>Математика</b> <b>Уақытты бағдарлау.</b>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері,</p>	<p>физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> Таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды</p>
--	---	---	---	--	--

	<p>етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).</p> <p><b>Математика Кеңістікті бағдарлау.</b> Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p><b>Қоршаған орта Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b></p>	<p>ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p><b>Қоршаған орта Қарапайымдылық</b> қа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. <b>Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.</b></p> <p><b>Сурет салу</b> Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солданоңға</p>	<p>(таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p><b>Қоршаған орта Менің Отаным – Қазақстан.</b> Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен</p>	<p>«бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p><b>Қоршаған орта Өсімдіктер әлемі.</b> Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p><b>Сурет салу</b> Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау</p> <p><b>Жапсыру</b></p>	<p>басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.</p> <p><b>Математика Уақытты бағдарлау.</b> Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p><b>Қоршаған орта Өсімдіктер әлемі.</b> Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p>
--	--	---	--	--	--

	<p><b>Сурет салу</b> Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау</p> <p><b>Жапсыру</b> Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағазбетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу</p> <p><b>Құрастыру</b> Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру</p>	<p>пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау</p> <p><b>Жапсыру</b> Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру</p> <p><b>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</b></p> <p><b>Құрастыру</b> Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан</p>	<p>қарауға тәрбиелеу.<b>Сурет салу</b> Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.<b>Мүсіндеу</b> Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау<b>Жапсыру</b> Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру</p> <p><b>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</b> <b>Құрастыру</b> Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру</p>	<p>Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру</p> <p><b>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</b></p> <p><b>Құрастыру</b> Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру..</p>	<p><b>Сурет салу</b> Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау</p> <p><b>Жапсыру</b> Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру</p> <p><b>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</b></p> <p><b>Құрастыру</b> Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру..</p>
--	---	---	---	--	---

		құрастыруға мүмкіндік беру..			
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Тіл ұстарту жаттығуы</b> Өс- өс- өс, Тігіп алдым қос, Екіге екiнi қос. Көңiлде жоқ қос. Өс-өс-өс. Өнегелi болып өс. Ұқыпты боп өс. Ағаш тез- тез өс. <b>Сөйлеудi дамыту</b>	<b>Дидактикалық ойын: «Ертегi кейiпкерлерiн тауып, олардың жүрiсiн сал»</b> Ойын шарты: ертегi кейiпкерлерiнiң жүрiсiн салады.	<b>«Үй жасаймыз»</b> Қиынды суреттермен жұмыс Мақсаты: Логикалық ойлауға үйрету.	<b>«Қызықты ойыншықтар»</b> ойыншықтармен ойын Мақсаты: Достыққа баулу.	<b>«Сәйкес ұяшыққа орналастыр»</b> дидактикалық ойын Мақсаты: Ойлау қабiлетiн арттыру.
<b>Серуенге дайындық</b>	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою.	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттiлiкпен киiнуi, серуенге шығу, топтық ережелердi қайталау.	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою.	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттiлiкпен киiнуi, серуенге шығу, топтық ережелердi қайталау.	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою.
<b>Серуен</b>	№ 29	№ 30	№ 31	№ 32	№ 33

<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b>	Түрлі балалар әрекетінде (ойын, қимылдық, танымдық, шығармашылық, зерттеу ,эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету ) іске асырылады
<b>Балалардың үйіне қайтуы</b>	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.